Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP23484931 Тянь-Шань тауында өсетін, өндірісте игеруге перспективті Ranunculus L. туысының 3 дәрілік өсімдік түрін кешенді зерттеу
Жоба өзектілігі	Қазақстанның Тянь-Шань тауында өсетін Ranunculus L. туысының 3 дәрілік түрін зерттеу отандық фармацевтикалық шикізат алу, иммуномодуляциялық және ісікке қарсы биоактивті препараттарды дамытуға мүмкіндік береді. Жоба импортқа тәуелділікті төмендетіп, клиникалық қолдануға дайын өнімдер алуға, шикізат қорын ұлғайтуға және жас ғалымдардың тәжірибесін арттыруға, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді.
Жоба мақсаты	Қазақстанның Тянь-шань тауында өсетін Ranunculus туысының 3 өндірістік маңызы бар дәрілік *(Ranunculus polyanthemus, Ranunculus oxyspermus, Ranunculus dilatatus)* өсімдіктеріне экологиялық-ценотикалық, биологиялық белсенді заттарының құрамы бойынша фитохимиялық және иммуномодуляциялық белсенділігін зарттеу. Өндіріс, экономика, фармацевтикалық, денсаулық сақтау салаларында пайдаланылатын өндірістік шикізат базасын кеңейту мүмкіндіктерін зерттеу.
Жоба міндеттері	1.Өндірістік маңызды Ranunculus L. туысына жататын 3 өндірістік маңызы бар дәрілік *Ranunculus polyanthemus*, *Ranunculus oxyspermus* және *Ranunculus dilatatus* өсімдік түрлерінің экологиялық – ценотикалық байланысын анықтау және іздестіру жұмыстарын жүзеге асыру, алда дайындалатын жұмысқа шикізат қорын дайындау; 2. Зерттелетін дәрілік өсімдіктер қатысатын өсімдік қауымдастықтарына фитоценотикалық сипаттамалар жүргізу; 3.Жиналған өсімдік шикізатының фитохимиялық құрамын зерттеу және Қазақстанның Фармакопеясына сәйкес *Ranunculus polyanthemus, Ranunculus oxyspermus* және *Ranunculus dilatatus* өсімдіктерінің негізгі биологиялық белсенді композицияларына қажетті талдау жүргізу; 4.Зерттелетін эндемдік Ranunculus dilatatus өсімдігінің популяциялық ерекшелігін зерттеу, оны қорғау мен тиімді пайдалануға ұсыныс беру; 5.Зерттелетін Ranunculus L. туысына жататын 3 өндірістік маңызы бар дәрілік *Ranunculus polyanthemus, Ranunculus oxyspermus* және *Ranunculus dilatatus* өсімдіктерінен алынған химиялық фракцияларды In vitro жағдайында ісік жасушалар линияларына қарсы белсенділігі бойынша сериялық тәжірибелер жасау;

	6.Зерттеу нәтижелерін конкурс талабына сай Web of Science және (немесе) Scopus халықаралық деректер базасымен индекстелетін, шетелдік ғылыми басылымдарда және жетекші отандық журналдарда жариялау; 7.Жас ғалымдарды, мамандарды үйрету және дайындау.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	1) Зерттеу нәтижелерін конкурс талабына сай Web of Science және (немесе) Scopus халықаралық деректер базасымен индекстелетін, шетелдік ғылыми басылымдарда және жетекші отандық журналдарда жарияланады. 2) Халықаралық стандарттарға сәйкес дәрілік заттар, биологиялық белсенді қоспалар және олардың негізінде алынатын зерттеу нәтижелері, техникалық шарттар, сондай-ақ биоалуантүрлікті қорғау, дәрілік өсімдіктерді кешенді зерттеу және фармацевтикалық әзірлемелер, дәрілік өсімдік шикізатқа ҚР ДМ Аналитикалық нормативтік құжаттарын дайындау кезінде қолданылуы мүмкін. 3) Жобаның потенциалды қоғамдық маңыздылығы Қазақстан Республикасы экономикасының үдемелі инновациялық дамуына ықпал ететін болады. Жас ғалымдар жобасына қатысу білім сапасын жақсартуға және жоғары білікті мамандарды даярлауға мүмкіндік береді, бұл болашақта олардың мансаптық өсуіне әсер етеді. 4) Зерттеу нәтижелері дәрілік өсімдіктер ресурстарын тиімді пайдалану, шикізат қорын ұлғайту саласында және алынған биоактивті табиғи қосылыстар (олардың белсенділігіне байланысты) әртүрлі ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттар, тағамдық қоспалар немесе ингредиенттер ретінде пайдаланылуы мүмкін. Жоба зерттеулері бойынша Қазақстан Республикасының БАҚ беттерінде мақала жарияланып, ғылыми-әдістемелік ұсынымдар шығарылады. 5) Бәсекелестікке қабілетті бола алатын қазақстандық перспективті дәрілік өсімдіктерді экологиялық, биологиялық, геоботаникалық, фитохимиялық және өсімдіктерден алынған химиялық фракциялардың In vitro жағдайында ісік жасушаларына қарсы әсерін зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығы күн сайын өршіп бара жатқан ісік ауруларын емдеудің жаңа жолдарын табу және Қазақстанның фармацевтикалық нарығындағы олардың жалпы санынан отандық дәрілік заттардың үлесін ұлғайту қажеттілігінде жатыр. Бұл Жобаны жүзеге асырудың тек отандық деңгейде ғана емес, сонымен қатар әлемдік ауқымда да үлкен ғылыми және практикалық, өндірістік мәні болады, өйткені жоба нәтижелері ісікке қарсы жоғары тиімді өсімдік көзінен алынған препараттарды өндіруге ықпал етеді, оның негізінде айқын

	иммуномодуляциялық белсенділігі бар қауіпсіз дәрілер жасалатын болады. Жоба нәтижелерін өндіріске енгізу елдің экономиялық жағдайын көтеру, ғылым саласын дамыту, экспортты күшейту және халықаралық фармацевтикалық нарықтағы беделін нығайтуға әсер етеді. 6) Қазақстанның фармацевтикалық нарығында ісікке қарсы, заманауи, экологиялық отандық өнімдердің болмауына байланысты жаңа, экологиялық таза, импортты алмастыратын отандық дәрілік препараттарға қажеттілік үлкен сұранысын тудырып отыр. Дәрілік өсімдіктерді бірінші реттік кешенді зерттеулерінің нәтижелері болашақтағы практикалық медицинада енгізу және олардың негізінде иммуномодуляциялық препараттарды жасау арқылы олардың клиникалық сынақтарына арналған хаттамаларды әзірлеу үшін негіз бола алады. 7) Жобаның әлеуметтік әсері организмнің иммундық жағдайын жақсартатын, ісікке қарсы өсімдік тектес жоғары тиімді дәрілік заттарды іздестіру, сондай-ақ ел тұрғындарын жоғары сапалы және емдік дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету перспективасы болады. Жобаның экономикалық тиімділігі жаңа жұмыс орындарын құру, алынған ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру мүмкіндігі болады; әлеуметтік маңызы бар ісік секілді ауруларды емдеу мемлекет есебінен жүзеге асырылатындықтан науқастарды емдеу ұзақтығын қысқарту және тиісінше ел бюджетіне түсетін жүктемені азайту. Жоба нәтижелерін өндіріске енгізу елдің экспорттық әлеуетіне әсер етеді. Өзіндік өндірісті ұйымдастырған кезде бюджетке салық төлемдері артып, пайда түсіп, кәсіпорынның қаржылық жағдайы нығаяды; 8) Дүниежүзілік стандарттардың талаптарына сәйкес бірінші рет Қазақстанның Тянь-Шань тауында өсетін Ranunculus L. туысының өсімдік түрлерінің (*Ranunculus polyanthemus* L., *Ranunculus oxyspermus* M.B. және *Ranunculus dilatatus* Ovcz.) экологиялық, биологиялық, фитоценоздық, фитохимиялық және биомедициналық ерекшеліктері бағаланады.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер	Ыдырыс Әлібек Web of Science Researcher ID- M-5723-2013 https://orcid.org/0000-0002-5561-0856 Scopus Author ID - 57203985421 Абдолла Нұршат Web of Science Researcher ID - R-2193-2016 https://orcid.org/0000-0002-4769-7824 Scopus Author ID – 57194001982 Жаманбаева Гулжан Толеугажиевна Web of Science Researcher ID - A-5192-2015 https://orcid.org/0000-0002-7450-2746 Scopus Author ID – 56431136700 Аширова Жадыра Бердимуратовна

	Web of Science Researcher ID - ENH-3639-2022 https://orcid.org/ 0000-0002-3887-6724 Scopus Author ID – 57200983303 Сырайыл Саягүл Web of Science Researcher ID - ABE-9770-2021 https://orcid.org/0000-0002-6237-4388 Scopus Author ID – 57222577939 Мәсімжан Мұратжан Тілеубердіұлы Web of Science Researcher ID - ABC-9225-2021 https://orcid.org/0000-0002-3252-0049 Scopus Author ID – 57191849740 Басыгараев Жандос Махабатович Web of Science Researcher ID - ENJ-5299-2022 https://orcid.org/0000-0003-0507-5979 Scopus Author ID – 57208404540 Қапарбай Раушан Еділқызы, Web of Science Researcher ID: JYI-3856-2024 Scopus ID: 58611642700 ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-1054-8136 Арынов Бауыржан Бақытұлы https://orcid.org/0000-0002-4648-6582 Кабылбек Кулшаш Web of Science ResearcherID - LXS-9089-2024 Scopus ID: 59466742300 https://orcid.org/0009-0000-4003-0966 Уршеева Балбобек Имамадиновна Scopus Author ID: 57200988481 ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9584-2280 Ілесбек Маржанай Серікқызы Web of Science Researcher ID - MCL-6350-2025 https://orcid.org/0009-0009-5839-2688 Scopus Author ID – 59506909900
Қолдану	Фармөнеркәсіп, биомедицина, геоботаника, жалпы биология салалары және дәріханалық желі үшін дәрілік өсімдік шикізаттың өнеркәсіптік дайындамасын жүзеге асыратын кәсіпорындар.
Нақты аналогтармен салыстырғандағы басымдық	Жоба отандық фармакологиялық нарықта сапалы және қолжетімді дәрілік өсімдік шикізатын пайдалануға мүмкіндік береді. Шетелдік баламаларға қарағанда экономикалық тиімді, ғылыми дәлелденген, биомедицина мен фармакологияда қолдануға дайын өнімдер береді. Жас ғалымдардың тәжірибесін арттырады, биоактивті қосылыстарды дәрілік және тағамдық өнімдерде тиімді пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)	1. Alibek Ydyrys, Nashtay Mukhitdinov, Anna Ivashchenko, Zhadyra Ashirova, Muratzhan Massimzhan, Elmira Imanova, Meruyert Parmanbekova, Murat Toktar, Birlikaby Yeszhanov, Marzhanay Ilesbek, Gulnaz Askerbay and Raushan Kaparbay. Methodological Guide for Geobotanical Research on Rare, Endemic, and Medicinal Plants: A Case Study of the Ranunculaceae

	Family ES Food and Agroforestry, 2024, 18, 1340. 10.30919/esfaf1340 (Scopus-96%) 2. Әскербай Г.Е., Ыдырыс Ә., Мәсімжан М. «Халық медицинасында пайданылатын дәрілік Ranunculus Polyanthemus L. өсімдігі қауымдастығының ерекшелігі» «Фараби әлемі-2505» халықаралық конференциясы. 3. Мәсімжан Мұратжан, Ыдырыс Әлібек, Әскербай Гүлнәз «Ranunculus polyanthemus және Ranunculus oxyspermus дәрілік өсімдіктерінің шикізат қорын бағалау» «Фараби әлемі-2505» халықаралық конференциясы. 4. Alibek Ydyrys, Askerbay Gulnaz, Ilesbek Marzhanay «Synthesis of silver nanoparticles from Ranunculus polyanthemus plant extract and their effect on MIA PACA-2, HEPG2 tumor cells» (4th International Symposium on Emerging Materials and Devices, hosted by the Renewable Energy Lab at National Laboratory Astana, Nazarbayev University 28-30 may, 2025) 5. Конференция: «Геномные технологии диагностики и лечения орфанных болезней» 25.09-26.09.2025 Қатысушылар - Ілесбек М., Әскербай Г. 6. Г. Әскербай, Ә. Ыдырыс, М. Ілесбек, «Тараз қаласы маңындағы жайылымдық жерлерде өсетін *Ranunculus Oxyspermus* Willd. ценопопуляциясының фитоценотикалық ерекшеліктер», *gbj*, т. 3, вып. 4(81), сс. 44–53, дек. 2025. (ҚР ҒЖБССҚК). https://doi.org/10.52578/2305-9397-2025-4-3-44-53 7. Gulnaz Askerbay, Xinzhou Yang, Ashirali Smanov and Alibek Ydyrys. Comparative Phytochemical Profiling and Cytotoxic Activity of *Ranunculus polyanthemus L.* and *Ranunculus oxyspermus M.B.* Extracts on HepG2 Hepatocellular Carcinoma and L6 Myoblasts DOI:10.30919/faf1897. ES Food Agrofor., 2025, 22, 1897, (Scopus-96%) 8. G. Askerbay, A. Ydyrys, X. Yang, W. Hou and M.Ilesbek. Phytochemical and biological studies of the genus Ranunculus species in Kazakhstan. SABRAO Journal of Breeding and Genetics 58 (2) 0-0, 2026 http://doi.org/10.54910/sabrao2026.58.2. (Web of sciences Q2, Scopus-58%)
Патент туралы ақпарат	Өтінім берілді